

Инвотакси қызметін алушылардың санатының кеңейту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 318 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қазанда № 30171 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 2 маусымдағы № 115 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 02.06.2025 № 115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 "Автомобиль көлігімен мүгедектерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген автомобиль көлігімен мүгедектерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидасының 31- тармағына сәйкес Бейімбет Майлин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бейімбет Майлин ауданы аумағында инвотакси қызметін алушылардың санаттары келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) бірінші топ мүгедектігі бар тұлғалар;
- 2) жүріп-тұруы қиын мүгедектігі бар балалар;
- 3) аутистік спектрдің бұзылған мүгедектігі бар балалар.

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК